# "Автомобиль көлігі туралы" Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру жөніндегі шаралар туралы

## *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2004 жылғы 9 наурыздағы N 61-ө өкімі. Күші жойылды - ҚР Премьер-Министрінің 2004.12.30. N 383 өкімімен.

1. "Автомобиль көлігі туралы" Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру мақсатында қабылдануы қажет Қазақстан Республикасының Үкіметі нормативтік құқықтық кесімдерінің қоса беріп отырған тізбесі бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі тізбеге сәйкес нормативтік құқықтық кесімдердің жобаларын әзірлесін және Қазақстан Республикасының Үкіметіне бекітуге енгізсін.

3. Қазақстан Республикасының жергілікті атқарушы органдары "Автомобиль көлігі туралы" Қазақстан Республикасының Заңынан туындайтын іс-шараларды жүзеге асырсын және Қазақстан Республикасының Үкіметін қабылданған шаралар туралы хабардар етсін.

*Премьер-Министр*

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
2004 жылғы 9 наурыздағы
N 61 өкімімен бекітілген

## "Автомобиль көлігі туралы" Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру мақсатында қабылдануы қажет Қазақстан Республикасының Үкіметі нормативтік құқықтық кесімдерінің тізбесі

Ескерту. 4-жол алынып тасталды - ҚР Премьер-Министрінің 2004.07.20. N 206 өкімімен .

Ескерту. 4-жол алынып тасталды, 8-1-жолмен толықтырылды - ҚР Премьер-Министрінің 2004.09.16. N 268 өкімімен .

| Р/с N | Нормативтік құқықтық кесімнің атауы | Кесімнің нысаны | Жауапты мемлекеттік орган | Орындалу мерзімі |
|---|---|---|---|---|

| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 |
|---|---|---|---|---|
| 1 | Қазақстан Республикасының аумағы бойынша, автокөлік құралдарымен қауіпті жүктерді тасымалдау ережесін, қауіпті жүктерді тасымалдайтын жүргізушілерге және автокөлік құралдарына қойылатын біліктілік талаптарын бекіту туралы | Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы | ККМ | 2004 жылғы наурыз |
| 2 | Қазақстан Республикасының аумағында автокөлік құралда. рымен тасымалдауға рұқсат етілетін қауіпті жүктердің тізбесін бекіту туралы | Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы | ККМ | 2004 жылғы наурыз |
| 3 | Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасы арқылы автокөлік құралдарын өткізу пункттерінің және Қазақстан Республикасының аумағындағы көліктік бақылау посттарының тізбесін бекіту туралы | Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы | ККМ | 2004 жылғы наурыз |
| 4 <*> | | | | |
| 5 <*> | | | | |
| 6 | Қазақстан Республикасының аумағында бөлінбейтін ірі көлемді және ауыр салмақты жүктерді тасымалдауды ұйымдастыру және жүзеге асыру ережесін бекіту туралы | Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы | ККМ | 2004 жылғы қыркүйек |
| 7 | Автокөлік құралдарының Қазақстан Республикасының аумағына кіру және одан тысқары жерлерге шығу, сондай-ақ оның аумағы | Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы | ККМ | 2004 жылғы қазан |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | бойынша транзиттік жүріп өту ережесін бекіту туралы | | | |
| 8 | Автомобиль көлігі саласындағы лицензиялау ережесін, соның ішінде лицензиаттарға қойылатын біліктілік талаптарын бекіту туралы | Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы | ККМ | 2004 жылғы желтоқсан |
| 8-1 | Автокөлік тасымалдаушыларын төтенше жағдайларды жоюға тарту ережесін бекіту туралы | Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы | ККМ, ТЖА | 2004 жылғы желтоқсан |

---

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК